

**"Смирнов селолық округі елді мекендерінің құрама бөлімдер атауларын беру туралы"  
2009 жылғы 29 қаңтардағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Смирнов ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 6 маусымдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 маусымда № 4898 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Смирнов ауылдық округінің әкімі

**Ш Е Ш І М** **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Смирнов селолық округі елді мекендерінің құрама бөлімдер атауларын беру туралы" Смирнов ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 1 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-97 тіркелген, 2009 жылғы 26 ақпанда "Айна" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Б. Капанова*